29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ
ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ



БАЛАБАҚША КЕЗЕГІ ҚАЛАЙ КЕМИДІ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЖАСТАР НЕГЕ БЕЙӘДЕП СӨЗГЕ ҚҰМАР?

7-БЕТ | ӘДЕП ПЕН ӘДЕТ

№133
(5031)
Сейсенбі
10 қараша
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ӨНДІРІСІ ӨРКЕНДЕГЕН ЕЛОРДА



САНСӨЙЛЕМ

ELORDA INFO

Астанада
100
астам
жаңа өндіріс
ашылады

Бас қалада өнеркәсіп өндірісі өркендеп келеді. Жыл басынан бері жергілікті кәсіпорындар 3,1 триллион теңгенің өнімін өндірді. Шаһардың индустриалдық аймақтарында 145 жоба іске асып жатса, 2029 жылға дейін тағы 100-ден астам кәсіпорынды іске қосу жоспарланған.

3

29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

САЙЛАУ УЧАСКЕҢІЗДІ БІЛЕСІЗ БЕ?

Астана тұрғындары 2026 жылдың 29 қарашасы күні өтетін қалалық мәслихат депутаттарының сайлауында өздерінің дауыс беретін сайлау учаскесін қазірден бастап біле алады.

Сайлау күні қиындық туындамас үшін тұрғындар сайлаушылар тізімінде өз мәліметінің баржоғын алдын ала тексеріп, дауыс беретін учаскесінің мекенжайын нақтылай алады. Өз сайлау учаскеңізді келесі тәсілдермен білуге болады:

• sailau.astana.kz ресми сайты арқылы;

• Telegram желісіндегі «Сайлау Астана» чат-боты арқылы;

• iKomek109 бірыңғай байланыс орталығы арқылы.

ҚАЗАҚСТАН – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Қазақстан ерлер құрамасы Оңтүстік Кореяның Чонджу қаласында өткен шайбалы хоккейден Азия біріншілігінде чемпион атанды.

Бас бапкер Талғат Жайлауовтың командасы соңғы ойында Оңтүстік Корея құрамасымен кездесті. Ойынның негізгі және қосымша уақытында есеп ашылмады. Ал буллит сериясында қазақстандық хоккейшілер 4:3 есебімен жеңіске жетті. Ұлттық құрама бұған дейін Жапонияны 3:2, Қытайды 5:0 есебімен жеңген еді. Қазақстан құрамасы үшінші жыл қатарынан Азия чемпионы атанды. Ұлттық команда бұған дейін 2024 және 2025 жылдары алтын медаль жеңіп алған.

Астанада ауа райының қолайсыздығына байланысты полиция жүргізушілерді жазғы дөңгелектерді қысқы үлгісіне уақытылы ауыстыруға шақырды.

Қыс мезгілінде жазғы дөңгелекпен көлік жүргізгендерге ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 590-бабы бойынша 21625 теңгеден 86500 теңгеге дейін айыппұл салынады. Бұл туралы елорда әкімдігінің ресми сайты Полиция департаментіне сілтеме жасап хабарлады.

Қазақстан заңнамасының талаптарына сәйкес, 1 желтоқсан мен 28 ақпан аралығында жеңіл автокөліктер мен жеңіл жүк көліктерін қысқы дөңгелексіз жүргізуге тыйым салынады. Олар көліктің барлық дөңгелегіне орнатылуы керек.

Полиция Астанада күннің суытуы мен көктайғақтың қыс басталмай тұрып жиі болатынын ескертті. Сондықтан жүргізушілер дөңгелекті желтоқсанға дейін ауыстыруы қажет.

№133 (5031) 10/11/2026 Сейсенбі





ҒАСЫРЛАРДАН ТАМЫР ТАРТАТЫН ДОСТЫҚ

Төлен ТІЛЕУБАЙ

СЕРІКТЕС ӘРІ ОДАҚТАС

Ақордада Астанаға ресми сапармен келген Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонды салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мәртебелі мейманның құрметіне резиденция алдында еліміздің Әуе қорғанысы күштерінің тікұшақтары Қазақстан мен Тәжікстанның Мемлекеттік туларын желбіретіп ұшты. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң, Президент оркестрі екі елдің әнұрандарын орындады. Содан кейін президенттер келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Тәжікстан көшбасшысына ілтипат білдіріп, бұл сапар екі ел арасындағы ерекше құрмет пен шынайы достықтың көрінісі екенін атап өтті.

«Біз бауырлас мемлекеттеріміздің стратегиялық серіктестігі мен одақтастығы жөнінде толық негізде айта аламыз. Екіжақты ынтымақтастықта қандай да бір мәселе жоқ. Көпжақты байланыстарымызды одан әрі ілгерілету мақсатында қарастырып, шешімін табуды қажет ететін жайттар бар. Жаңа мүмкіндіктерге жол ашу, өзара тиімді жобаларды іске асыру және қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау тұрғысынан тек алға қарай қадам басып келеміз» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев барлық бағытта оң динамика көрсетіп келе жатқан қазақ-тәжік қарым-қатынасының даму деңгейін жоғары бағалады.

«Қабылданған іс-шаралардың арқасында тасымалданатын тауар түрлері көбейіп, түрлі өнім көлемі артты. Теміржолмен жеткізілетін экспорт-импорт жүгі де ұлғайып келеді. Бұл ретте елдеріміздің жыл сайынғы тауар айналымы тұрақты түрде 1 миллиард доллардан асады. Осының есебінен Қазақстан ұдайы Тәжікстанның ең ірі сауда серіктестерінің үштігіне еніп отыр» деді Мемлекет басшысы.

Тәжікстан Президенті екі елдің ынтымақтастығы барлық салада қарқынды ілгерілеп келе жатқанына тоқталды. Оның айтуынша, Қазақстан Тәжікстанның алдыңғы қатарлы сауда және экономикалық серіктестерінің санатына кіреді.

«Биыл тоғыз айдың қорытындысы бойынша елдеріміз арасындағы тауар айналымының көлемі 1 миллиард доллардан асты. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда шамамен 26 пайызға жоғары. Инвестициялық ықпалдастық дәйекті түрде дамып келеді. Бүгінде Тәжікстанда Қазақстан капиталының қатысуымен 130-дан аса кәсіпорын тіркелген. Ал Қазақстанда тәжік тарапының 580-нен астам кәсіпорны жұмыс істейді. Олардың 500-і толығымен тәжік капиталының қатысуы арқылы еңбек етеді. Бұл – өте жақсы көрсеткіш» деді Эмомали Рахмон.

Келіссөз барысында сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі кеңейту, көлік-логистика, энергетика, ауыл шаруашылығы, су ресурстары, өнеркәсіп және цифрландыру салаларындағы ықпалдастық мәселелеріне назар аударылды. Келіссөз қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Эмомали Рахмон Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытудың басым бағыттарын айқындайтын Бірлескен мәлімдеме қабылдады. Мемлекеттер басшыларының қатысуымен екі елдің ресми делегация мүшелері үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттар алмасты.

QOJA AHMET YASAUI ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты рәсімнің мәні терең әрі символикалық тұрғыдан ерекше екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, қазақ пен тәжік халықтарын ғасырлардан тамыр тартатын достық, рухани үндестік және ортақ тарихи тағдыр байланыстырады.

«Біздің өңіріміз әлемге көрнекті ойшылдар, ғалымдар, шайырлар мен ағартушылардың тұтас шоғырын сыйлады. Олардың мұрасы жекелеген елдер мен халықтардың ауқымынан асып, кең таралды. Ислам қайта өрлеу дәуірінің ең көрнекті тұлғаларының бірі – Қожа Ахмет Ясауи. Қазақ халқы ұлы ғұлама әрі ағартушы есімін ертеден ерекше қастер тұтады, киелі санайды. Сонымен қатар Қожа Ахмет Ясауи мұрасы – бүкіл өркениетке және ғасырлар бойы ортақ рухани дәстүрлері қалыптасқан Орталық Азия халықтарына тиесілі қазына» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы ұлы ойшылдың ілімі адамгершілік, әділет, мейірім және гуманизм идеяларына тұнып тұрғанын атап өтті.

«Бұл ілім шын мәнінде дүниетанымымызды, болмысымызды, өмір салтымызды қалыптастырды, жүздеген жылдар бойы адамдарды біріктіріп, олардың жақсылық пен жасампаздыққа деген сенімін арттырды. Ясауи танымы заманынан озық еді. Сондықтан бүгінге дейін ғибратты ғұмыр жолын нұсқайтын өзіндік бір рухани-адамгершілік бағдар қызметін атқарып келеді. Өзіңізге мәлім, құрметті Эмомали Шарипович, қолға алған реформалардың нәтижесінде қоғамымыз жан-жақты жаңғыруда. Жаңа қоғамдық этика қалыптастыру осы сан алуан жұмыстың ішінде ерекше орын алады. Қожа Ахмет Ясауи дәріптеген биік адамгершілік мұраттар, сондай-ақ әділет, еңбекқорлық, тазалық, патриотизм қағидаттары елімізде қоғамдық сананың ажырамас бөлігіне айналды. Ясауи мұрасына айрықша мән бере отырып, биыл ұлы ойшыл, ғұлама, ағартушы тұлғаның құрметіне жаңа мемлекеттік марапат белгілеуді ұсындым» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Эмомали Рахмонның есімі қазіргі Тәжікстан тарихында ерекше орын алатынына тоқталды.

«Сізге күрделі, тіпті тағдыршешті деуге болатын кезеңде елге жетекшілік жасау және Тәжікстанды бейбітшілік, бірлік пен жасампаз даму жолына бастау сынды зор тарихи жауапкершілік жүктелді. Тегеурінді әрі парасатты басшылығыңызбен Тәжікстан өзінің мемлекеттілігі мен қоғамдық келісімді нығайтып, қарқынды өркендеу жолына бет алды. Сондықтан тәжік халқы Сіздің Отан алдындағы тарихи еңбегіңізді бағалап, Ұлт көшбасшысы деп атайды. Қазақстан жұртшылығы да Сізді өз халқына және күллі Орталық Азия елдеріне өлшеусіз еңбек сіңірген мемлекет қайраткері санайды. Сіз рухани негіздерімізді нығайтуға, тарихи жадыны және ұлттық мәдени мұраны сақтауға ұдайы көңіл бөліп келесіз. Тәжік халқының тарихы мен мәдениетін, көрнекті ойшылдар мен шайырлардың шығармаларын насихаттау жөніндегі бастамаларыңыз зор құрметке лайық» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Эмомали Рахмонның Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы сан қырлы байланыстарды тереңдетуде айрықша рөл атқарғанына назар аударды.

«Орталық Азияның тұрақтылығы мен қауіпсіздігін нығайтуға қосқан үлесіңіз өлшеусіз. Баршаға мәлім беделіңіз, бай мемлекеттік тәжірибеңіз және бейбітшілік пен ынтымақтастық идеясына деген берік ұстанымыңыз біздің аймақтағы өзара түсіністік пен сенімді бекітуге септігін тигізді. Рухани-мәдени құндылықтарды сақтауға, бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға, сондай-ақ Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы достық және одақтастық қатынастарды дамытуға қосқан елеулі үлесіңізді ескере отырып, Сізді, құрметті Эмомали Шарипович, Qoja Ahmet Yasaui орденімен марапаттау жөнінде шешім қабылдадым. Бұл жоғары награда – Қазақстан халқының Сізге және бауырлас тәжік еліне көрсеткен шынайы құрметінің белгісі. Осы рәсім елдеріміздің мызғымас достығының тағы бір жарқын нышанына айналады деп сенемін. Құрметті Эмомали Шарипович, Сізге сарқылмас күш-қуат, жауапты қызметіңізге толайым табыс тілеймін, бауырлас тәжік халқы Сіздің басшылығыңызбен бейбіт өмір сүріп, өркендей берсін!» деді Қазақстан Президенті.

Тәжікстан Президенті Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік наградасын тапсырғаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ ҚАЙСЫ?

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанына тоқталып, стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухындағы қазақ-тәжік қарым-қатынасының дамуына Эмомали Рахмонның қосқан үлесін айрықша атап өтті.

«Бұл жолғы сапардың символдық мәні терең, өйткені екі ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығына тұспа-тұс келіп отыр. Егемен ел болғалы Қазақстан да, Тәжікстан да табысқа толы үлкен жолды еңсерді. Тәжікстан Сіздің беделді басшылығыңызбен мемлекеттілік тұғырын нығайтуда, әлеуметтік-экономикалық дамуда орасан жетістіктерге қол жеткізді, халықаралық аренада абыройын арттырды. Сіздің еліңіз Орталық Азиядағы тұрақтылық мәселелер бойынша ұстанымы бір екенін айтты. Қазақстан мен Тәжікстан көпжақты алаңдарда ортақ мүддені бірлесе ілгерілетуге әзір.

«Келіссөз барысында Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету маңызды рөл атқарады. Бүгінгі Тәжікстанның барлық табысын Сіздің есіміңізбен және халықтың қолдауына арқа сүйеген парасатты әрі жасампаз саясатыңызбен байланыстырады. Қазақстан қазіргідей геосаяси ахуал күрделі кезеңде күшті әрі өркендеген мемлекет құруды көздейтін стратегиялық бағдарыңызға зор құрметпен қарайды» деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Тәжікстан арасында қандай да бір шешілмеген немесе түйіні тарқамайтын мәселе жоқ екеніне, керісінше өзара ынтымақтастық ілгерілеп келе жатқанына назар аударды. Қазақстан Президентінің айтуынша, келіссөздер жемісті өтіп, қос тарап сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ниетті екенін мәлімдеді.

«Біз сенім мен өзара құрмет сипатында өрбіген әңгіме барысында көптеген мәселені талқылап, мемлекетаралық ықпалдастықтың негізгі басымдықтарын айқындадық. Ең алдымен, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге мән берілді. Бірлескен күш-жігердің арқасында екіжақты тауар айналымы 2 миллиард долларлық межеге таяп қалды. Нәтижесінде Қазақстан Тәжікстанның сыртқы сауда серіктестерінің үштігіне енеді. Қадірлі Эмомали Шариповичпен өзара алыс-берісті жандандыратын қажетті шаралар қабылдауға келістік. Осы мақсатқа жетуді көздейтін 2030 жылға дейін тауар айналымын ұлғайту жөніндегі жол картасы қабылданды. Екі ел үкіметтеріне аталған міндетті сапалы орындау жүктелді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент аграрлық сектор, көлік-транзит саласындағы, IT-сектордағы серіктестікті жандандырудың маңызына тоқталды.

«Былтыр елдеріміз арасындағы авто және теміржолмен жүк транзиті көлемі сәйкесінше 8 және 15 пайызға ұлғайып, шамамен 7 миллион тоннаны құрады. Тасымалдаушыларға жасалған жағдай биыл да оң динамиканы сақтауға мүмкіндік берді. Көлікті цифрландыру мәселесіне баса назар аудару жөнінде уағдаластық. Бұл жүкті іркіліссіз жеткізуді қамтамасыз етеді» деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы атап өткендей, екі елдің IT-сектордағы ынтымақтастығы мол мүмкіндікке жол ашады. Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, екі елдің өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелеріне ерекше ден қойдық. Өңірдің орнықты дамуы – бауырлас халықтардың түпкілікті мүддесіне сай келетін ортақ мақсат. Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2028-2029 жылдардағы тұрақты емес мүшесіне үміткер ретінде Тәжікстанның ұсынылуын қуана қабыл алды. Біз Тәжікстанның кандидатурасын қолдаймыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон құшақ жая қарсы алып, қонақжайлық танытқаны, сондай-ақ жоғары мемлекеттік награда – Qoja Ahmet Yasaui орденіне лайық көргені үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтты.

«Тәжік-қазақ қарым-қатынасын өркендетуге қосқан аздаған үлесіме берілген осы жоғары баға менің ғана емес, халқымның еңбегіне көрсетілген сый-құрмет деп санаймын. Бауырлас Қазақстанға әр сапарым жарқын сәттерімен есте қалады. Достас қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы елеулі табыстары және халықаралық аренада абырой-беделінің асқақтауы қуантады. Біз өркендеу мен гүлдену жолындағы Қазақстанның үйлесімді дамуына негіз қалайтын кейінгі жылдардағы реформаларды жоғары бағалаймыз. Келіссөз конструктивті саяси диалог, өзара сенім мен түсіністік сипатында өрбіді. Екіжақты күн тәртібіндегі көптеген мәселені егжей-тегжейлі талқыладық. Келіссөз қорытындысы бойынша қабылданған бірлескен мәлімдеме ынтымақтастығымызды одан әрі дамытудың басты бағыттарын айқындады» деді Эмомали Рахмон.

ЕЛШІЛІКТІҢ ЖАҢА ҒИМАРАТЫН АШТЫ

Қазақстан мен Тәжікстан президенттері Астана қаласындағы Анатолий Храпатый көшесінде орналасқан Тәжікстан елшілігі жаңа ғимаратының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон рәсімдік лентаны қиды. Содан соң Президент оркестрі екі елдің мемлекеттік әнұрандарын орындады. Мемлекеттер басшыларына Тәжікстан елшілігінің ғимараты туралы ақпарат беретін бейнеролик көрсетілді. Содан кейін олар дипломатиялық миссияның жаңа ғимаратын аралап көрді. Қазақстан Президенті Құрметті қонақтар кітабына ізгі тілегін жазды. Екі елдің көшбасшылары Елшілік аумағына ағаш көшетін екті.



АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жапонияда өткен XX Жазғы Азия ойындары мен V Азия параойындарының жеңімпаздары және жүлдегерлерімен кездесті.

Мемлекет басшысы спортшылардың жетістігін жоғары бағалап, олардың жеңісі жас ұрпаққа үлгі екенін атап өтті.

«Бұл – мемлекетіміз үшін шын мәнінде үлкен жетістік және зор мақтаныш! Баршаңызға жарқын жеңістеріңіз құтты болсын дейміз» деді Президент.

Президент спортшылардың жетістігін елдегі өзгерістермен байланыстырып, Қазақстан экономикасының даму көрсеткіштеріне де тоқталды.

«Халықаралық валюта қорының болжамы бойынша мемлекетіміздің жалпы ішкі өнімінің көлемі 398 миллиард долларға жақындайды. Бұл біздің аймағымыздағы ең жоғары көрсеткіш болмақ» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Олимпиадаға қазірден бастап дайындалуды тапсырды.

«Қазақ спортының мәртебесі биік, әлеуеті мол. Сондықтан біз бұдан да жоғары көрсеткіштерге ұмтылуымыз керек. Алда төрт жылдық кезеңнің бас додасы – Лос-Анджелес Олимпиадасы келе жатыр. Жаһандық жарысқа спортшылармен қатар, тиісті министрлік пен федерациялар қазірден бастап тыңғылықты және белсенді дайындалуы керек» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев параспортшы Айсұлу Сүлейменованың қайсарлығы мен табандылығын ерекше атап өтті. Ол жас кезінде жазатайым оқиға салдарынан екі аяғынан айырылған. Соған қарамастан спортта жоғары нәтижеге жетіп, биыл Азия параойындарында 100 метрге жүгіруден құрлық рекордын жаңартты. Қазір Айсұлу Сүлейменова – Құрылтай депутаты. Мемлекет басшысының сөзін тыңдаған спортшы толқып, көз жасына ерік берді.

әділет

БІРЛІГІМІЗ БЕКЕМ, ТІРЛІГІМІЗ КӨРКЕМ БОЛСЫН!

МӘСЛИХАТ САЙЛАУЫ 2026

Дайындаған: «Әділет» партиясының баспасөз қызметі. «Әділет» партиясы» ҚБ сайлау қорының қаражаты есебінен төленді. Тапсырыс беруші: Кистаубаев М.Г.

ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІ АРТТЫ



Астанада өнеркәсіп өндірісінің көлемі артып, жаңа кәсіпорындар ашылып, ірі инвестиция жобалары іске асып жатыр. 2026 жылдың тоғыз айында елордалық кәсіпорындар 3,1 триллион теңгенің өнімін өндірді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,6 пайызға көп.

Бас қала өнеркәсібінің негізгі үлесі өңдеу секторына тиесілі – 94,9 пайыз. Басты бағыттар қатарында металлургия, машина жасау, құрылыс материалдары мен азық-түлік өндірісі бар.

№1 индустрия паркі – елордаға ірі өнеркәсіп алаңының бірі. Мұнда 145 жоба іске асып жатыр. Оның 103-і жұмыс істеп тұр, тағы 42-сі – іске асырылу кезеңінде. 30-дан астам өндіріс орны шетелдік инвестиция тарту арқылы құрылып жатыр.

Қазірдің өзінде елордадағы арнайы экономика аймағында орналасқан кәсіпорындар 7 мыңнан астам адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Жаңа жобалар аясында тағы 2,5 мыңға жуық адамды жұмыспен қамту жоспарланып отыр. Сонымен қатар Астанада №2 индустрия паркін дамыту жобасы жүріп жатыр. 2029 жылға дейін мұнда 100-ден астам өндіріс орнын орналастыру көзделген. Нәтижесінде 8 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Шағын және орта бизнесті дамытуға да ерекше көңіл бөлініп отыр. Елордада үш шағын өнеркәсіп аймағы жобасы жүзеге асқан. Кәсіпкерлерге жалпы ауданы 20 мың шаршы метрден асатын өндіріс және қойма ғимараттары берілген. Бұған қоса, Байқоңыр ауданының Өндіріс тұрғын алабында ауданы 87,8 гектар болатын агроөнеркәсіп аймағын құру жоспарланып отыр. Мұнда тамақ өнеркәсібі саласында 20-дан астам жобаны жүзеге асыру көзделген.

Жалпылай айтқанда, жаңа өнеркәсіп алаңдарын дамыту Астанада өндіріс көлемін арттыруға, қосымша инвестиция тартуға және мыңдаған жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

СУДЫ ҮНЕМДЕУ – ИГІ ІС

С.Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейде «Суды үнемде – болашақты сақта!» бастамасы аясында «Су ізі: әр адамның жауапты таңдауы» атты ауқымды экология сағаты ұйымдастырылды. Іс-шара мектеп бойынша білім беру маршруты және оқушылармен ашық диалог форматында өтті.



Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

Іс-шараға Швейцарияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Кристин Хонеггер, Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация вице-министрі Жандос Салимов және т. б. қатысты. Басты мақсат – өскелең ұрпақ бойында су ресурстарына ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру, балалар мен жастардың экологиялық жауапкершілігін арттыру, сондай-ақ оқушылардың мемлекеттік сектор өкілдерімен және халықаралық қоғамдастықпен тікелей пікір алмасуына алаң құру.

Экология сағаты «білім – зерттеу – әрекет – диалог» қағидасы негізінде құрылып, тек ірі инфрақұрылым шешімдері емес, әрбір адамның күнделікті әдеті мен жеке жауапкершілігі маңызды екенін көрсетті.

– Мектебімізде маңызды экологиялық кездесудің ұйымдастырылғаны – біз үшін үлкен мәртебе. «Су ізі: әр адамның жауапты таңдауы» тақырыбында экология сағаты өтті. Біз су ресурстарын тиімді пайдалану, суды үнемдеудің заманауи тәсілдері және табиғат алдындағы ортақ жауапкершілігіміз туралы ой бөлістік. Өйткені суды үнемдеу – өскелең ұрпақтың жарқын болашағына жасалған игі істің бірі, – деді мектеп-лицей директоры Гүлжан Төлеу.



«СОҒЫМ-FEST» БАСТАЛДЫ

Бас қалада дәстүрлі «Соғым-FEST» ет жәрмеңкесі басталды. Жәрмеңке қаланың үш жерінде ұйымдастырылып, еліміздің әр өңірінен келген шаруалар ет өнімдерін көпшілікке тиімді бағамен ұсынып жатыр.

Жәрмеңкені қалалық Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті мен Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы ұйымдастырды.

– Соғым – халқымыздың қысқа қамдануымен байланысты қалыптасқан көне дәстүр. Ежелден әр отбасы қысқа арнап ет дайындап, оны сүрлеп сақтаған. Сондай-ақ жақындарын жинап, дастарқан басында ет бөліскен. Бүгінде «Соғым-FEST» осы дәстүрді жаңаша форматта жалғастырып, отандық фермерлер мен елорда тұрғындарын бір алаңға жинап отыр. Жәрмеңке арқылы тұрғындар ет өнімдерін тиімді бағамен сатып ала алады, – дейді қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жаңабаев.



Жәрмеңкеде ет өнімдерін тиімді бағамен сатып алуға болады. Мәселен, сиыр етінің бір келісі – 3300 теңге, жылқы еті – 3500 теңге, қой еті 3700 теңгеден сатылып жатыр. Қарағанды, Ақмола, Павлодар және Абай облыстарынан келген фермерлер өз өнімдерін ұсынды.

Сатылымға шығарылған еттің бәрі зертханалық тексеруден өтіп, қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі анықталады. Ал бағаның негізсіз өспеуін қалалық Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің мамандары бақылайды. Ет әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына жатады. Сол себепті оның сауда үстемесі 15 пайыздан аспауы тиіс.

«Соғым-FEST» ет жәрмеңкесі осы жылдың соңына дейін әр демалыс күндері сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін Keruen joly сауда орталығы (Алаш тасжолы, 35Б), «Ет әлемі» сауда орталығы (Алаш тасжолы, 31/1), Jurt сауда орталығында (Бейбарыс сұлтан көшесі, 3) ұйымдастырылады.

№133 (5031) 10/11/2026 Сейсенбі





МИЛЛИОН ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАЙҚАЛДЫ

Биыл елорданың барлық ауданында ауқымды көгалдандыру жұмысы жүргізілді. Көшелердің бойына, саябақтар мен гүлзарларға, қоғамдық кеңістіктер мен инфрақұрылым нысандарының аумағына ағаштар, бұталар мен гүлдер отырғызылды.

Әкімдіктің мәліметінше, бүгінде елордада 4 миллионнан астам жасыл желек бар. Ал «Жасыл белдеу» аумағында тағы 14 миллионға жуық ағаш өсіп тұр. Қалада жыл сайын кемінде 1 миллион ағаш, бұта және гүл отырғызылады. Жыл басынан бері Астанада 1 миллионнан астам жасыл желек егілді. Оның 700 мыңға жуығы көктемде, 400 мыңнан астамы күзде отырғызылды. Олардың қатарында шаған, жөке, қайың, қарағай, гортензия, тобылғы, сәлбен және сәндік тұқымды өсімдіктер бар.

Есіл ауданының жасыл қорында 240 мыңға жуық ағаш, 600 мың бұта, 65 мың шаршы метр гүлзар, 5 миллион шаршы метр көгалды және ұзындығы 117 мың метрден асатын жасыл қоршау бар. Биыл ауданда 70 мыңға жуық жасыл желек отырғызылды. Көгалдандыру жұмысы Керей-Жәнібек хандар көшесі мен Ұлы дала даңғылының, Қабанбай батыр даңғылының және басқа да ірі магистралдардың бойында, сондай-ақ ЕХРО саябағы мен ҚТЖ гүлзарында жүргізілді.

Жыл басынан бері **Байқоңыр ауданында** 1138 ағаш пен 11930 бұта отырғызылды. Қоғамдық кеңістіктерге біржылдық гүлдер де егілді. Көктемде 556 ағаш отырғызылды. Атап айтқанда, Ататүрік саябағында 250 ағаш пен 30 бұта, «Амстердам» гүлзарында 185 ағаш егілді. Бұдан бөлек, көктемде ауданда 3291 сәндік гүлді бұта отырғызылып, гүлзарлар жайқалды. Күзде тағы 582 ағаш егілді. Оның ішінде Кенесары көшесіндегі №62-64 үйлердің маңына – 230, Абай даңғылының Республика даңғылы мен Ш.Уәлиханов көшесінің аралығына – 139, А.Пушкин көшесіндегі №2 және №4 үйлердің жанына – 104, Ататүрік саябағына тағы 50 ағаш отырғызылды. Сонымен қатар күзде 8609 сәндік бұта егілді. Өзге көшелер, гүлзарлар мен қоғамдық кеңістіктер де көгалдандырылды. Өсімдіктерді күтіп-баптауға да ерекше көңіл бөлінеді. Былтыр Ж.Тәшенев көшесіндегі гүлзарға отырғызылған 80 алма мен алмұрт ағашы жерсініп, биыл алғашқы жемісін берді.

Сарайшық ауданында 75 мыңға жуық ағаш, 31 мың бұта, 10 мың шаршы метр гүлзар, 2,4 миллион шаршы метр көгал және ұзындығы 21 мың метрден асатын жасыл қоршау бар. Биыл мұнда 35 мыңға жуық жасыл желек отырғызылды. Бұл жұмыс Р.Қошқарбаев даңғылының бойында, Есіл өзенінің жағалауында, А.Бөлекпаев көшесіндегі аллеяда, Астана-Қарағанды тасжолының бойында, Ұлттық музей маңында және басқа да аумақтарда жүргізілді.

Жыл басынан бері **Сарыарқа ауданында**, біржылдық және көпжылдық гүлдер мен бұталарды есептегенде, 333 мыңнан астам жасыл желек отырғызылды. Сондай-ақ 4,4 мыңнан астам ағаш егілді. К.Күмісбеков көшесінде 500-ден астам ағаш пен 2,4 мыңнан астам бұта отырғызылды. Көгалдандыру үшін қарағай, қарағаш және мамыргүл отырғызылды. Бұл жұмыс Кенесары көшесінде, «Көктал» саябағында, «Наз» театрының жанындағы гүлзарда және ауданның тұрғын алаптарында да жүргізілді. Кенесары көшесінде жергілікті суару жүйесі қарастырылған.

Алматы ауданының жасыл қорында 99,7 мыңнан астам ағаш, 68,1 мың бұта және ұзындығы 28,2 мың метр жасыл қоршау бар. Ағаштар, сәндік гүлді бұталар, көпжылдық гүлдер мен астық тұқымдас өсімдіктерді есептегенде, биыл ауданда 42332 жасыл желек отырғызылды. Сонымен қатар көгалды тұстар ашылып, жасыл аймақтар абаттандырылды. Былтыр, негізінен, ағаш отырғызуға басымдық берілсе, биыл қоғамдық кеңістіктерді гүлдермен, бұталармен, көгалдармен және альпі төбешіктерімен безендіруге көбірек көңіл бөлінді.

Ал **Нұра ауданында** биыл 5,5 мыңға жуық ағаш, 75 мың бұта және 9 мыңнан астам көпжылдық гүл отырғызылды. Сондай-ақ көгалдандыру, құрылыс жобалары мен экология акциялары аясында 500 мыңнан астам жасыл желек егілді.

ҚОҒАМДЫҚ САУЛЫҚ НЕГІЗІ – ТАЗА ОРТА

Тазалық – қаланың көркі ғана емес, тұрғындардың күнделікті тұрмыс сапасын айқындайтын маңызды шарт. Үйдің ауласы, балалар ойнайтын алаң, жұмыс орнының айналасы мен демалыс орындарының санитариялық жағдайы әрқайсымызға қатысты. Сондықтан қоршаған ортаны таза ұстау ортақ жауапкершілікке айналуы қажет.

«Таза Қазақстан» экологиялық бастамасы аясында Астана қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мен аудандық басқармалардың мамандары ағаш отырғызу шараларына қатысты. Бірлескен жұмыс елорданы көгалдандыруға үлес қосып, қоршаған ортаға ұқыпты қараудың маңызын көрсетті.

Санитариялық мәдениет қарапайым әдеттерден басталады. Қоқысты белгіленген орынға тастау, ортақ аумақтарды ластамау, аула мен көше тазалығын сақтау – күнделікті орындалуға тиіс әрекеттер. Тазалықты тек коммуналдық қызметтердің міндеті деп қабылдау жеткіліксіз. Тұрғындар өз үйінің айналасына, ал ұйымдар өз аумағының санитариялық жағдайына жауапкершілікпен қарағанда ғана тұрақты нәтиже болады.

Ағаш отырғызу мен аумақты күтіп ұстау да осы мәдениеттің бір бөлігі. Отырғызылған көшетті баптау, жасыл желекті қорғау, оның айналасына қалдық тастамау атқарылған жұмыстың жалғасы болуы керек. Көгалдандырылған аумақтың көркі де, қолайлылығы да тұрақты күтімге байланысты.

Департамент пен аудандық басқарма мамандарының іс-шараға қатысуы санитариялық мәдениетті нақты іспен насихаттауға бағытталды. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаты жолында қызмет ететін мамандар үшін таза әрі қолайлы орта қалыптастырудың мәні зор.

«Таза Қазақстан» бастамасының нәтижесі бір күндік жұмыспен шектелмеуі тиіс. Бүгін тазартылған жердің ертең де таза болуы, егілген көшеттің жайқалып өсуі – күнделікті қамқорлықтың жемісі. Тазалықты тұрмысымыздың қалыпты дағдысына айналдырғанда қаламыз да өмір сүруге жайлы бола түседі.

Айгүл ШАҒАЛТАЕВА,
Астананың бас санитариялық дәрігері





АСТАНА НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Экология және табиғи ресурстар министрі Әлібек Қуантыров Астана қаласы мен Қосшы қаласындағы ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметімен танысып, олардың ұжымдарымен кездесті.

Жұмыс сапары «Жасыл аймақ» РМК-ның «Ақ қайың» тәлімбағынан басталды. Кәсіпорын елорданың жасыл аймағын құру, қорғау және молықтырумен айналысады. Кәсіпорынның «Ақ қайың» және «Дамса» атты екі тәлімбағында күзгі түгендеу қорытындысы бойынша 6 млн-нан астам көшет есепке алынған. Жалпы, 2026 жылы кәсіпорын 6,1 млн-нан астам көшет отырғызған. Одан кейін министр осы кәсіпорынның кеңсесіне барып, қызметкерлерімен жүздесті. Олардың тарапынан «Жасыл белдеу» мекемесін құру мәселесі көтерілді.

Астана ботаникалық бағында Ә.Қуантыров жылыжайларды, палеоботаника экспозицияларын, гербарий қорын және өсімдіктер биотехнологиясы зертханасын аралап көрді. Ботаникалық бақта 7 ғылыми зертхана жұмыс істейді. Жылыжай коллекциясында өсімдіктердің 300 түрі, тұқым қорында 519 түрі бар, ал гербарий қоры 21 мыңнан астам гербарий парағын құрайды. Ғылыми-зерттеу жұмысымен қатар, мұнда экскурсиялар мен экологиялық ағарту сабақтары өтеді. Ғылыми қызметкерлер тиісті зертхана жабдықтарын сатып алу үшін қаржыландыру мәселесін көтерді.

Жұмыс сапары Астана қаласы бойынша Экология департаментіне барумен аяқталды. Министр департаменттің қызметімен және материалдық-техникалық базасының жай-күйімен танысты.

№133 (5031) 10/11/2026 Сейсенбі



ДӘРІГЕРГЕ ЖЕТУ МҰҢ БА?

Мемлекет тарапынан жылда денсаулық сақтау саласына ерекше көңіл бөлінсе де, дәрігер қабылдауына жазылу және медициналық қызметтерді жылдам әрі сапалы көрсету бойынша мәселелер әлі де кездеседі. Көпшілік азаматтар алдын ала жазылғанның өзінде кейде дәрігер кабинетінің алдында кезек күтуге тура келетініне, бейінді дәрігерлерге жетудің ұзақ процесс екендігіне шағымданады. Мұндай мәселелер Астанада халық санының қарқынды өсуінен әлеуметтік инфрақұрылымға, соның ішінде денсаулық сақтау саласына салмақ түсуімен байланыстырылады.

Райхан РАХМЕТОВА

Алдын ала жазылған жағдайда жалпы практика дәрігерін күту орта есеппен 2-3 күн, бейінді мамандарды күту 2 күннен 1,5 айға дейін созылады. Бұл да осы мамандар жетіспеушілігімен байланысты делінеді. Расымен Астана тұрғындары үшін өзекті мәселелердің бірі – кардиолог, невропатолог, эндокринолог, офтальмолог секілді бейінді дәрігерлерге қаралу. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Астана қалалық филиалына түсетін шағымдардың ішінде бейінді мамандардың жетіспеушілігі, дәрігер қабылдауын ұзақ күту, медициналық тексерулерге жолдама алу қиындығы, медициналық ақпараттық жүйелердегі мәліметтердің сәйкессіздігі аталған. Астана қаласы әкімдігінің iKomek109 бірыңғай байланыс орталығына 2026 жылдың басынан бері 1,5 миллионнан астам өтініш түскен. Олардың топ-10 қызметі ішінде ең көбі – дәрігерге жазылу, дәрігерді үйге шақыру, сақтандыру мәртебесі, шағым және т.б. бойынша өтініштер болған. Әлеуметтік желілерге көз жүгіртсек, бір елордалық: «Емханаға келгенмін. Дәрігерге кезек күткеніме бір сағаттан асқанда, ауырып тұрған жерім жазылып кеткендей болды. «Время лечит» деген осы ма?» деп әзіл-шыны аралас жазба қалдырса, оған қолдау білдірген бір топ: «Дәрігердің алдына барсаң ауруың қашып кетеді ғой», «Енді мың анализге жібереді, сол кезде толықтай айығып кетесіз» деп жазады.

ҚАНДАЙ ФАКТОРЛАР ӘСЕР ЕТЕДІ?

ӘМСҚ өкілдерінің айтуынша, кейбір медициналық ұйымдарда бейінді мамандардың толық құрамы болмағандықтан, пациенттер консультация алу үшін бірнеше апта күтуге мәжбүр болады. Мұндай жағдайда медициналық ұйым өз мүмкіндігі шектеулі болса, пациентті келісімшарт негізінде басқа медициналық ұйымға бағыттайды. Жалпы, білуімізше, емханалардағы кезектің қалыптасуына бірнеше фактор әсер етеді. Біріншіден, қала халқының өсуіне байланысты медициналық қызметке сұраныс артқан. Екіншіден, дәрігерлердің жүктемесі мен мамандар тапшылығы қабылдау кестесіне ықпал етеді. Үшіншіден, маусымдық аурулардың көбеюі емханалар мен стационарларға түсетін салмақты арттырады. Мәселен, 2025 жылдың қараша айында Астанада ЖРВИ мен тұмаудың көбеюіне байланысты инфекциялық стационарларда науқастар кезегі байқалған. Қалалық денсаулық сақтау басқармасы мұны маусымдық сырқаттанушылықтың өсуімен байланысты деп түсіндірді.

ПАЦИЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ БӨЛІМІ НЕ ДЕЙДІ?

Астана қаласы әкімдігінің №11 қалалық емханасы Пациенттерді қолдау бөлімінің сарапшы дәрігері Қайрат Төлегеновтің айтуынша, емханаға орта есеппен ай сайын iKomek109, Е-Өтініш, «ФОНД» порталдары арқылы, сондай-ақ ауызша және жазбаша түрде 200-ден астам шағым келіп түседі. Оның шамамен 20 пайызы, яғни 40-қа жуық шағым емханадағы кезек мәселесіне қатысты. Ол пациент дәрігер қабылдауын ұзақ күткен жағдайда емхананың Пациенттерді қолдау қызметіне жүгіне алатынын жеткізді.

– Емханамызда бейінді мамандар бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес қабылдау жүргізеді. Егер пациенттің қажетті маманға жазылуына мүмкіндік болмаса, оған басқа медициналық ұйымға жолдама беріледі. Ал шұғыл медициналық көмек қажет болса, бөлім меңгерушісі пациентті кезектен тыс қабылдайды. Пациенттің денсаулық жағдайына және жүгіну мақсатына қарай медициналық көмек көрсетудің бірнеше жолы қарастырылған. Мысалы, диспансерлік есепте тұрған пациенттер кеңейтілген практикадағы мейіргерлерге жүгіне алады. Олар өз құзыреті шегінде дербес қабылдау жүргізеді, диспансерлік бақылауға қатысады, қажетті медициналық іс-шараларды жүзеге асырады және пациенттерге тағайындалған дәрілік препараттарды алуға көмектеседі. Егер пациентте ЖРВИ белгілері пайда болса, ол сүзгі кабинетіне қаралса болады. Онда пациенттің жағдайына бастапқы бағалау жүргізіліп, әрі қарайғы медициналық көмек көрсету тактикасы анықталады. Ал егер пациент жедел ауырсынумен немесе шұғыл медициналық көмекті қажет етсе медицина қызметкері оның жағдайын триаж жүйесі бойынша бағалап, медициналық көмектің шұғылдық дәрежесін анықтайды. Мұндай жағдайда көмек алдын ала жазылу фактісіне ғана емес, медициналық көрсетілімдерге сәйкес ұйымдастырылады. Сонымен қатар жүкті әйелдер мен мүгедектігі бар пациенттер үшін де арнайы жағдайлар қарастырылған. Атап айтқанда, «жасыл дәліз» ұйымдастырылып, қажет болса әлеуметтік қызметкерлердің сүйемелдеуі қамтамасыз етіледі, – дейді ол.



P.S: ***Денсаулық сақтау саласындағы қызметтің сапасы тек емдеу нәтижесімен емес, медициналық көмектің қаншалықты қолжетімді екенімен де өлшенеді. Себебі науқас үшін уақытылы қабылданған дәрігер кеңесі – денсаулығын сақтаудың маңызды бөлігі. Ең бастысы, тұрғындар медициналық көмекті алу үшін ұзақ уақыт күтуге мәжбүр болмауы керек.***

БАЛАБАҚША КЕЗЕГІ ҚАЛАЙ КЕМИДІ?

Әр ел өзінің ұрпағының тәрбиесіне ден қояды. Өйткені баланың бақытты болашағы, қауіпсіздігі бәрінен маңызды. Сондықтан тал бесікті түзеу парыз болып тұр.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Елордамен тағдырын байланыстырып тұрып жатқан адам көп. Яки, халық нөпірі көп болған жерде, бала туу саны да артатыны анық. Демек, бала күтімін жасайтын бөбекжайларға сұраныс та жыл сайын артып барады деген сөз.

Астана қаласы әкімдігі сайтында жарияланған деректер бойынша, қалада 697 балабақша жұмыс істейді. Онда 66 795 бала тәрбиеленеді. Соның ішінде, 99 мемлекеттік балабақшада – 30 192 бала, 595 жекеменшікте – 35 771 бала және 3 ведомстволықта – 832 бала. Былтырдан бастап Астана қаласында мемлекеттік білім беру тапсырысын балабақшаларда ваучерлік қаржыландыру әдісімен сынақтан өткізу қанатқақты жобасы іске қосылды. Ваучерлер енгізілген сәттен бастап 2-6 жас аралығындағы балаларды қамту 88,4%-дан 97,3%-ға дейін өсіпті. Бұл балабақшалардағы кезекті 50 мыңнан 20 мың балаға дейін қысқартуға мүмкіндік беріпті. Ал 3-6 жас аралығындағы балаларды қамту 100% көрінеді. Қазіргі уақытта «INDIGO» ақпараттық порталында 0-6 жас аралығындағы 21 374 бала жалпы кезекте тіркеліпті.

Балабақша кезегі туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында, Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Маржангүл Қайырбаева айтқан еді.

– Егер ата-ана бір күн ішінде жауап бермесе, оның өтініші күту тізімінен алынып, хабарлама келесі кезектегі өтініш иесіне жолданады. Өтініш белсенді болса, барлық хабарлама ED24.kz мобильді қосымшасына және «INDIGO – электронды балабақша» жүйесіндегі жеке кабинетке түседі. Ваучер кезекте бірінші тұрған өтініш иесіне ұсынылады. Хабарлама алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде ваучерді пайдалануға келісім беру немесе одан бас тарту қажет. Егер ата-ана бас тартса, кезегі жойылады. Ал белгіленген мерзімде жауап берілмесе, өтініш белсенді емес күйге ауысып, 28 күн бойы ваучер алу үдерісіне қатыстырылмайды, – деген болатын Маржангүл Қайырбаева.

Жаңа жүйе бойынша, Білім басқармасы да, мектепке дейінгі ұйымдар да ваучер беру кезегіне ықпал ете алмайтын көрінеді. Сол себепті де, ата-аналар кезек тәртібін сақтап, жүйеден келетін хабарламаларды уақытында бақылап отырғаны жөн екен. Осымен барлық мәселе шешілді деп, тоқмейілсінуге әлі ерте сияқты. Себебі баласын балабақшаға орналастырмақ түгілі, тіркей алмай, жекеменшік балабақшаға беруге қаржысы жетпей, сарсаңға түсіп жүрген ата-аналар қарасы көп сияқты.

– Өткен жылы елордада 21 мыңыншы болып баламызды ваучер арқылы балабақша кезегіне қойғанбыз. Биыл 6 мыңыншы кезекке жылжыпты. Жолдасым 2-3 жұмысты қатар атқарады. Екі баламыз бар. Мен балаларыма қарап, үй-шаруасында отырмын. Өзім үйреніп, екінші баламды 19 мыңыншы етіп, балабақшаға кезекке қойдым. Үйдің маңындағы жеке балабақшамен сөйлестім, бір балаға айына ең арзаны 70-80 мың теңге екен. Егер келер жылы 2 баламызды қатар балабақшаға берсек, тағы да басқа үйірмелері, жол шығынын қосқанда айына орта есеппен 150-200 мың теңге қаражат керек боп тұр ғой. Өзім жас маман ретінде алғаш рет тәжірибесіз мектепке жұмысқа орналассам, бастапқыда небәрі 250-270 мың төңірегінде жалақы алады екенмін. Оның сыртында біздің отбасылық шығындарымыз пәтер ақымыз, ас-ауқат, кредит төлеуге ақшамыз қалмайын деп тұр ғой. Келешекте ипотекамен үй алуды да көздейміз. Ал айына 20-25 мың теңге төңірегіндегі мемлекеттік балабақшаға берейік десек, оның жыры тіпті көп сияқты. Жалпы, мемлекет балабақша мәселесін оңтайландырып, жаңадан бөбекжайларды көптеп салса, құба-құп болар еді, – деді Астана қаласының тұрғыны Бағжан Әлібекова.

Астана қаласында балабақшалардағы орын тапшылығын шешу мақсатында 2029 жылға дейін 14 000 орындық 60 балабақша салу жоспарланып тұр. Демек, балабақша мәселесі жолға қойылмақ. Ал бұл мәселе түбегейлі шешілсе, біраз түткіл тарқамақ.

Сонымен қатар, көпбалалы ана «Алтын алқа» иегері Ақжан Айбарова балабақша мәселесіне байланысты басынан өткен оқиғаны әңгімелеп берді.

– Астанаға Шымкенттен қоныс аудардық. Оған да 7-8 жыл болып қалды. Бүгінде балаларымның алды мектеп бітіріп студент атанды. Мектеп жасына дейінгі 3 баламды мемлекеттік балабақшаға орналастырғым келді. Сөйтіп туу туралы куәліктен бастап, «Алтын алқа» иегері деген құжат, ақыр соңы екпе салдыруға байланысты ақпараттың бәрін өткіздім. Қағазбастылықтың көптігінен маңдай терімді сығып жүріп, әрең дегенде мемлекеттік балабақшаға орналастырдым. Күйеуім – шопыр. Алпауыт шаһарда екі жақтамасақ, 7 бала-шағаны керек-жарақпен, азық-түлікпен қамтамасыз ету мүмкін емес қой. Бір таңғалғаным, цифровизацияға көшіп жатырмыз дейміз. Ендеше біздің деректер, осындайда eGov.kz порталында неге сұратқан органға қолжетімді болып тұрмайды? Міне, осыған таңқалдым! Бізді қойшы, сонда 2-3 баласы бар жас отбасылар қалай балабақша мәселесін шешпек? Сондықтан жеке емес, мемлекеттік балабақшаны көптеп көбейту қажет деген игі тілегіміз бар, – деді көпбалалы ана.



Президент тапсырмасына сәйкес, биыл Үкімет 2026-2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын бекітті. Онда 2027 жылға дейін 300 мың жаңа орын ашу міндеті көзделген. Жыл басындағы Үкімет отырысында да, Оқу-ағарту министрі Ж.Сүлейменова осыған дейінгі 677 балабақшаның ашылуы 65 мың баланың мектепке дейінгі білімге қолжетімділігін арттырғанын да айтқан еді.

Кезек мәселесі шешіліп, ай сайынғы төлем ата-аналардың қалтасын қақпаса, мемлекеттік балабақшалар көптеп салынса, нұр үстіне нұр болар еді.

№133 (5031) 10/11/2026 Сейсенбі

Цирк – көрерменге күлкі мен қуаныш сыйлайтын ғана емес, үлкен еңбек пен табандылықты талап ететін ерекше өнер. Оның сахнасында әртістің шеберлігі,ептілігі, батылдығы мен жануарлармен тіл табыса білу қабілеті қатар қабысады. Бір қарағанда көзге жеңіл көрінгенімен, бірнеше минутқа ғана созылатын нөмірдің артында ұзақ дайындық, тынымсыз жаттығу және үлкен жауапкершілік тұрады. Осындай күрделі өнердің өзіндік қырын меңгеріп, көрермен ықыласына бөленіп жүрген өнер иелерінің бірі – Астаналық цирк әртісі, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Айсұлу Әбдікерім.



ЦИРК ӨНЕРІНІҢ СЫРЫН ҰҚҚАН

Айсұлу Әбдікерімнің өнердегі бағытының ерекшелігі – көгершіндермен жұмыс істеуі. Оның қойылымдарында адам мен құстың арасындағы өзара түсіністік, сенім және үйлесімділік көрініс табады. Көгершіндер сахнада өздігінен өнер көрсетіп жатқандай әсер қалдырғанымен, мұндай көріністің артында күнделікті дайындық пен құстардың мінез-құлқын терең түсіну, оны зерттеп, зерделеу жатыр.

Көпшілік үшін көгершін – бейбітшіліктің, тазалықтың және еркіндіктің символы. Ал цирк әртісі үшін ол – сахнадағы серіктес. Сондықтан көгершінмен жұмыс істеу жай ғана құсты үйрету емес, оның мінезін, әдетін, сезімталдығын түсінуді қажет етеді. Бұл жерде әртістің шыдамдылығы ерекше рөл атқарады. Адамға берілген тапсырманы бірден орындауға болатын болса, жануармен жұмыс істеудің табиғаты мүлде бөлек. Құсты мәжбүрлеу арқылы өнер көрсетуге үйрету мүмкін емес. Ол үшін сенім қалыптастыру қажет. Күн сайын қайталанатын жаттығулар арқылы құс белгілі бір дыбысқа, сөзге немесе қимылға дағдыланады. Бұл жайт Әбдікерім Айсұлудың құстармен жұмыс істеу тәсілінің ерекшелігін көрсетеді.

Манежде бірнеше көгершіннің бір уақытта бір бағытта қозғалып, әуен ырғағымен әрекет етуі көрерменге өте жеңіл әрі әдемі көрінеді. Бірақ оның артында күн сайынғы дайындық бар. Әртіс құстардың көңіл күйін бақылап, олардың өзін қалай сезініп тұрғанын да ескеруі керек. Цирк қойылымының ең басты ерекшеліктерінің бірі – көрерменге қиындықты сездірмеу. Сахнада бәрі жеңіл, әдемі әрі табиғи көрінуі тиіс. Ал әртістің өзі қанша уақыт дайындалғанын, қанша рет қателескенін немесе қандай қиындықтарды жеңгенін көрермен біле бермейді.

Айсұлу Әбдікерімнің көгершіндермен қойылымдары да осындай еңбекке негізделген. Айсұлудың отбасы да өнерді өмір салты ретінде қабылдағаны байқалады. Цирктің маусымдық демалысы кезінде де олар көгершіндеріне күтім жасап, бірге уақыт өткізеді. Айсұлу Әбдікерімнің шығармашылық жолындағы тағы бір маңызды қыры – өнердің тәрбиелік мәніне көңіл бөлуі. Ол цирк сахнасын тек көңіл көтеретін орын емес, адамның бойына жақсы қасиеттер қалыптастыратын орта ретінде қарастырады. Шын мәнінде, цирк өнерінің тәрбиелік мүмкіндігі мол. Бала цирк қойылымын тамашалағанда батылдықты, ептілікті, еңбеккорлықты көреді. Әртістің сахнадағы жетістігі оған бір күнде келмейтінін түсінеді. Оның әрбір қимылының артында жаттығу мен ізденіс бар. Айсұлу апай өз қыздарының да өнер жолын таңдауына қарсы болмаған. Керісінше, олардың шығармашылыққа қызығушылығын қолдаған. Бұл – өнердің ұрпақтан ұрпаққа жалғасуының бір көрінісі. Анасының тәжірибесін бойына сіңірген жас өнерпаздар цирк мәдениетінің қалыптасуына өз үлесін қосып, еліміздің атын әлемге әйгілі етіп жүр.

Циркте отбасы дәстүрінің тағы бір ерекшелігі – балалардың кішкентайынан жауапкершілікке үйренуі. Көгершіндерді күту, оларды тамақтандыру, жаттықтыру, тазалықты сақтау – мұның бәрі баланың бойында еңбекке деген құрметті қалыптастырады. Қазақстандағы цирк өнері жылдан жылға дамып келеді. Әлемдік цирк сахнасында акробаттар, гимнасттар, клоундар, эквилибристер және жануарлармен жұмыс істейтін әртістердің әрқайсысының өзіндік орны бар. Қазақстандық цирк әртістері де түрлі бағытта өнер көрсетіп, ел мәдениетін танытып келеді. Айсұлу Әбдікерімнің шығармашылығын осы өнердің жануарлармен жұмыс істеуге негізделген бағытының бір мысалы ретінде қарастыруға болады. Оның қойылымдарының ерекшелігі – көгершіндердің нәзіктігі мен адамның шеберлігін үйлестіру. Көгершінмен жұмыс істеу аса нәзік тәсілді қажет етеді. Құстың табиғи мінезін өзгертуге тырысудан гөрі, оның табиғи қабілетін дұрыс пайдалану маңызды. Сондықтан мұндай қойылымда әртістің кәсіби шеберлігімен қатар, табиғатқа деген сүйіспеншілігі де көрінеді. Айсұлудың тәжірибесі көрсеткендей, жануармен өнер көрсету үшін оны жақсы көру аздық етеді. Оның ерекшелігін зерттеп, мінезін бақылап, әр әрекетін түсіну керек. Бұл – үлкен шыдамдылықты талап ететін жұмыс. Цирк сахнасына шыққан әртіс көрермен алдында өзін ғана емес, тұтас өнердің абыройын алып шығады. Әр қойылым көрерменнің есінде қалуы үшін ол ерекше дайындықты қажет етеді. Әсіресе жануарлар қатысатын қойылымдарда жауапкершілік одан сайын артады.

> Айсұлу Әбдікерім – цирк өнерінің ерекше саласын таңдаған өнер иесі. Оның шығармашылығы адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті сахна тілі арқылы көрсетеді. Көгершіндермен жұмыс істеу арқылы ол көрерменге әсем қойылым ұсынып қана қоймай, шыдамдылықтың, еңбектің және өз ісіне деген сүйіспеншіліктің маңызын көрсетеді

Отыз жылдан астам уақыт – өнер адамы үшін үлкен тәжірибе. Осы уақыт ішінде әртіс тек сахнада өнер көрсетіп қана қоймайды, өз кәсібінің қыр-сырын меңгереді, жаңа тәсілдер іздейді, көрерменнің талғамын түсінеді. Сонымен бірге өзінен кейінгі жас буынға тәжірибесін бере бастайды. Айсұлу үшін өнердің тағы бір маңызды қыры – отбасылық сабақтастық. Оның қыздарының да анасының жолын жалғастырып, көгершіндермен өнер көрсетуі осыны дәлелдейді.

Айсұлу Әбдікерім – цирк өнерінің ерекше саласын таңдаған өнер иесі. Оның шығармашылығы адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті сахна тілі арқылы көрсетеді. Көгершіндермен жұмыс істеу арқылы ол көрерменге әсем қойылым ұсынып қана қоймай, шыдамдылықтың, еңбектің және өз ісіне деген сүйіспеншіліктің маңызын көрсетеді. Оның өнер жолынан бірнеше маңызды тағылым алуға болады. Біріншіден, кез келген жетістік тұрақты еңбекті қажет етеді. Екіншіден, жан-жануармен жұмыс істеу мейірімділік пен жауапкершілікті талап етеді. Үшіншіден, өнер адамды тәртіпке, тазалыққа, әсемдікке және ізденіске тәрбиелейді. Айсұлу Әбдікерімнің қыздарының да осы өнер жолын таңдауы оның шығармашылық тәжірибесінің отбасында жалғасып жатқанын көрсетеді. Бұл – өнердің ұрпақтан ұрпаққа берілетін рухани мұра екенін аңғартатын жақсы мысал.

Цирк сахнасында көрермен бірнеше минут ішінде ғажайып көріністе куә болады. Бірақ сол ғажайыптың артында күнделікті еңбек, дайындық және өнерге деген адалдық жатыр. Айсұлу Әбдікерімнің көгершіндермен бірге жасаған қойылымдары да осындай қажырлы еңбектің нәтижесі. Оның шығармашылық жолы цирк өнерінің сырт көзге көрінбейтін қырларын түсінуге мүмкіндік береді. Цирк өнерінің сырын ұққан Айсұлу Әбдікерімнің шығармалық тасы өрге домалай берсін!

Бахтияр ТҰРСЫН,
театртанушы, Астаналық циркінің шығармашылық-әртістік бөлімнің басшысы



СУРЕТСӨЗ



ТҮСІРСЕҢ, ОСЫЛАЙ ТҮСІР...

(Театр және тазалық)

> Кез-келген жұмысты жан-тәніңмен беріліп істемесең, түк те шықпайды. Көңілсіз атқарған істің бірден берекесі кетеді. Ілгерідегі дәуірдің спортшылары арасында «Жарыста жаныңды аяма!» дейтін қайрау сөз бар еді. Өз кәсібіңді де ынта-ықыласпен атқарсаң ғана нәтиже бере бастайды.

Мына кісіге қараңызшы. Айналасындағы дүниенің бәрін ұмытқан. Өзі де өзге әлемде тұр. Ойға алған дүниесіне басымен кірген, көңіліндегісін көзімен іздеген, қарауылға іліктіргенін жүрегімен көздеген...

Объективі сала құлаш камера құшақтаған ағайындардың талайымен аралас-құралас болып жүрсек те, бұл фототілшіні онша біліңкіремейді екенбіз. Шынымызды айтсақ, әдепкіде әлдебір әріптесінің кәсіби камерасын сұрап алып, «Тар кезеңнің» тереңі мен тылсымына үңіліп жатқан Қажығали ағам екен деп қалдым. Сөйтсек, М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрында біраз уақыт қызмет істеген Қалиғұмар Қабдешовтің жастау күніндегі кейпі екен.

Дәлірек айтқанда, бұл мекемедегі қызметі – фототілші емес, фотограф. Театрда жүріп жататын спектакльдердің әсерлі көріністерін түсіріп, үнемі тарихқа қаттап отырған. «Ана – жер – ана» да, «Ваня ағай» да, «Қан мен тер» де, «Тоят түні» де Қалекеңнің қолынан өткен секілді. Оған қоса, өнердің қара шаңырағындағы әйгілі әртістердің шығармашылық портреттерін түзген. Қысқасы, әкем-театрдың фотошежіресін жалғыз өзі жасап шыққан. Бұқаралық ақпарат құралдарында көп жыл жұмыс істеген өзге әріптестерін-дей ел-жұртқа аса танымал емес тәрізді. Бәлкім, суреттерін газет-журналға көптеп жариялауға аса құлықты бола қоймаған шығар. Бірақ оның тәуір әрі сапалы фотоархив жинақтағанына дауымыз жоқ. Себебі, түр-түсі, кескін-келбеті, бет-ауызы өзгеше кейіпке еніп, анандай эмоциямен беріле бүгіліп тұрып көздеген адамның түсірген суреті осал болуы мүмкін емес.

Суретті желіге жүктегеніміз сол еді, комментарийлер легі лықсыды да кетті. «Дәлдік! Фотоаппаратымен қоса, өзі одан да дәл фотоаппаратқа айналып кеткен сияқты», – дейді Оңайгүл Тұржан. «Құдды бір спектакльдің кейіпкеріндей бар ынта-ықыласымен беріле түсірген екен. Ана бұрыштағы шәйнекте де арман жоқ, мындай объективке іліккен!», – дейді Зәуреш Басықараева. «Әбден шабыттанып, жаны рахат тауып тұр!», – дейді Өтеш Оңайбаев. Бірінен бірі өтетін ой-пікірлер туындап жатты.

Қалекең қазір Алматыда тұрады. Жасы сексеннің шамасында дейді. Қали Сәрсенбай ағам жиі қолданатын, кейін «Алматы ақшамы» газетінің тұрақты айдарына айналған «Тазарғың келсе, театрға бар» деген қанатты сөз қалыптасқан еді. Сонда айтылғандай, күнде театрдан шықпайтын, өңкей спектакльдерді суретке түсіретін әрі әдемі әсерге бөленетін мына фотографтың білегі де, жүрегі де тап-таза шығар...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

ЖАСТАР НЕГЕ БЕЙӘДЕП СӨЗГЕ ҚҰМАР?

Шапағат ӘБДІР



Расында, заман өзгерген сайын адамның жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, қарым-қатынасы да өзгереді. Көшпелі кезеңдегі қазақтың болмысы мен бүгінгі қалалық қоғамдағы қазақтың мінезін бірдей болмауының да себебі сонда. Заманында осындай сайын даланы сайғақтай кезген ел біртіндеп отырықшылыққа бейімделді, қала мәдениетіне көшті, жаңа технологияны қабылдады. Осы өзгерістермен бірге қауымның дүниені қабылдауы да, қазақы мінезі де түгелдей өзгеріске ұшырады. Бірақ қоғам қанша өзгерсе де, адамның адамдық өлшемдері өзгермеуі керек. Үлкенге құрмет, кішіге ізет, сөзге тоқтау, ағайынға бауырмалдық, бөтен адамға да жөн-жосықпен қарау деген сияқты мәселелер белгілі бір заманға ғана тиесілі құндылық емес қой. Ол – қай заманда да құндылық.

Оның үстіне біз әдетте, қазақтың кеңпейілдігі, қонақжайлығы, адамға деген ілтипаты туралы көп айтамыз. Алайда осы қасиеттердің күнделікті қарым-қатынаста қаншалықты сақталып жүргеніне мән беріп, назар аударып көрдіңіз бе?

Негізі адамдар арасында бір-бірімен қалжыңдасу мен еркін сөйлесудің жөні екі бөлек. Бірақ соңғы уақытта көшеде, аулада, қоғамдық орындарда жүргенде жасөспірімдер арасында боқтық сөзді қалыпты әңгіме тіліне айналдырып алған балаларды көп көретін болдық. Бір-бірін ауыр сөздермен балағаттау кейде олардың арасында қалыпты қарым-қатынастың бір түріне айналған әуелі. Өкініштісі, мұндай әдеттің қыз балалар арасында да кездесетіні. Сонда қаланың баласы «мұнша боқтықты қайдан үйренді?» деген сұрақ туады. Әрине, бұған отбасындағы сөйлеу мәдениеті, достар ортасы, мектептегі қарым-қатынас, интернеттегі контент, әлеуметтік желідегі тілдік орта бәрінің де өз әсері мен үлесі бар. Психология тұрғысынан қарағанда, жасөспірім үшін құрдастарының пікірі ерекше маңызды кезең. Ол өзін белгілі бір ортаға тиесілі сезінгісі келеді. Егер сол ортада дөрекі сөйлеу «батылдықтың», «еркіндіктің» немесе «өзіндік ерекшеліктің» белгісі ретінде қабылданса, бала соны қайталауы мүмкін екен.

> Елімізде жиырма миллионнан астам адам бар десек, сол жиырма миллион адамның жиырма миллион түрлі мінезі, жиырма миллион түрлі болмысы бар екені анық. Дегенмен, адам баласының мінезі туғаннан қалыптасып, өмір бойы өзгермей қалмайды. Оған отбасы, өскен ортасы, достары, қоғам, көргені мен түйгені, тіпті күн сайын араласатын ақпараттық кеңістігі де әсер етеді. Хакім Абайдың «Адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген сөзі де адам болмысының өзгеретінін меңзесе керек.

Астаналық тұрғын Гүлмира Қасымованың пікірінше, мәселенің бір ұшы үйдегі тәрбиеге келіп тіреледі.

– Баланы «жаман сөз айтпа» деп ұрыса бергеннен ештеңе шықпайды. Ол сөзді баланың өзі қайдан естіп жүргенін қарау керек. Үйде ата-анасы бір-бірімен дөрекі сөйлессе, көшеде достары боқтаса, интернеттен сондай сөздерді күнде көрсе, баланың оны қалыпты нәрсе деп қабылдауы заңды. Сондықтан тәрбие сөзден бұрын үлкендердің өзінен басталуы керек, – дейді ол.

Бұл пікірді зерттеу нәтижелері де белгілі бір деңгейде қуаттайды. Мәселен, жасөспірімдер арасында жүргізілген бір зерттеуде медиадағы бейәдеп сөздерге жиі ұшырау балада мұндай сөздерді қолдануға деген қалыпты көзқараспен және оны қолдану ықтималдығымен байланысты болған. Демек, балаға «сенің тілің бұзылып барады» деп кінә артудан бұрын, оның күн сайын қандай тілдік ортада өмір сүріп жүргенін қараған жөн.

Бүгінде мәселе ауладағы әңгімемен шектелмейді. Әлеуметтік желілер адамның ойын жария түрде айту мүмкіндігін бұрын-соңды болмаған деңгейге жеткізді. Бұрын адам өз ортасында айтатын сөзін бірнеше адам ғана еститін. Қазір бір адамның телефонына жазған бір сөйлемін мыңдаған адам оқиды. Оның үстіне әлеуметтік желіде назар аударту үшін әдейі өткір, даулы немесе шектен шыққан мазмұн жасауға ұмтылу да бар.

Әсіресе, Threads сияқты платформалардағы жазбаларға қарап отырып, кейде жастардың жеке өміріне қатысты дүниелерді еш қысылмай көпшілік алдына шығаратынын байқаймыз. Жеке қарым-қатынасы, кіммен кездескені, кімге қызығатыны, тіпті интимдік сипаттағы мәселелерін ашық жазатындар бар. Қазақша айтқанда, нағыз тексіздік жайлаған орта болып тұр, бұл платформа.

Ал өсек пен төсектен басқа әңгіме айтқан адамның көрілімі бар болғаны бір-екі лайкпен шектелуде.

– Қазір кей жастар «бәрін ашық айту – еркіндік» деп түсінетін сияқты. Бірақ еркіндік пен жауапсыздықтың арасы жер мен көктей. Адамның басына келген нәрсенің бәрін жұртқа жариялау міндет емес қой. Жеке өмір деген болуы керек,– дейді Ерлан Сейдахмет.

Шын мәнінде, қоғамдағы кейбір көріністерге қарап, «ар-ұят деген ұғым жоғалып бара жатыр» деген ойдың келуі түсінікті. Бірақ мәселені осылай бір ауыз сөзбен түйіндеу де дұрыс болмас. Өйткені бүгінгі жастардың барлығын бір өлшеммен бағалау мүмкін емес. Мыңдаған жас кітап оқып, білім алып, еріктілікпен айналысып, ата-анасына көмектесіп, спортпен шұғылданып, ғылым мен өнерге ұмтылып жүр. Қоғамда көзге көрінбейтін, бірақ өзінің тәрбиесімен, еңбекқорлығымен, үлкенге құрметімен үлгі болып жүрген жастар да аз емес.

Сондықтан мәселе – жастардың түгел өзгеріп кеткенінде емес. Мәселе – қоғамда қандай мінездің көбірек көрініп, әлеуметтік желі арқылы қандай әрекеттің көбірек қаралым жинап жатқанында.

– Қазір балалардың тәрбиесін тек ата-анаға артып қоюға болмайды. Бұрын бала күні бойы мектепте немесе аулада жүрсе де, айналасындағы ересектердің бақылауында болатын. Қазір баланың қолында жеке телефоны бар. Ол біз білмейтін жүздеген адаммен, мыңдаған ақпаратпен араласады. Сондықтан қазіргі тәрбиенің бір бөлігі цифрлық мәдениетке үйрету болуы керек. Мәселен, Бұрын «ел не дейді?» деген сөздің өзі адамға тоқтау салатын. Қазір «жұрт не дейді?» дегеннен гөрі «қанша адам көрді?» деген өлшем пайда болғандай. Бізге қаралымнан бұрын қадірдің маңызды екенін қайта түсіндіру керек, – дейді ұстаз Айман Төлегенқызы.

Айналып келгенде, бұл жерде баланы интернеттен толық бөліп тастау да мәселені шешпейді. Себебі әлеуметтік желі – қазіргі өмірдің бір бөлігі. Оның орнына балаға ақпаратты саралауды, адамның жеке шекарасын түсінуді, қандай сөздің орынсыз екенін, интернетке жазылған нәрсенің бәрі дұрыс бола бермейтінін үйрету маңызды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 06.11.2026 №510-3653

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Әкімшілік ғимарат» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Ш. Айтматов және Е167 (жобалық атауы) көшелерінің қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 1,6879 га, жер учаскелері 2027 жылғы 1 ақпаннан бастап 2028 жылғы 1 ақпанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы «06» 11 №510-3653 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	21-320-104-102	Саркөшеков Аян Мұратұлы, Абуова Инара Жанатовна	894	332	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №70 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
2	21-335-104-210	Таскалиева Диляра Сериковна, Кайкан Азамат Исламбекұлы	761	761	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №70А учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
3	21-320-104-1371	Әбдіғаниева Әсем Тілегенқызы	848	9	Астана қаласы, район «Нұра», Учитель б/с №3 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
4	21-320-104-1367	«Тенгри Хаус Астана» ЖШС	623	448	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №20 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
5	21-320-104-475	Саркөшеков Аян Мұратұлы, Абуова Инара Жанатовна	920	309	Астана қаласы, район «Нұра», Учитель б/с №4 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
6	21-320-104-124	Саркөшеков Аян Мұратұлы, Абуова Инара Жанатовна	505	474	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №171 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
7	21-320-104-623	Скопин Николай Леонидович	1039	2	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №71 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
8	21-320-104-084	Саркөшеков Аян Мұратұлы, Абуова Инара Жанатовна	528	528	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №42 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
9	21-320-104-214	«Тенгри Хаус Астана» ЖШС	662	629	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №41А учаске	Бағбандық	Жеке меншік
10	21-320-104-222	Кайкан Азамат Исламбекұлы, Таскалиева Диляра Сериковна	784	784	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №44 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
11	21-320-104-605	Кошумбаева Галия Кобегеновна	775	775	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №45 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
12	21-320-104-604	«Тенгри Хаус Астана» ЖШС	400	400	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №41 құрылым	Қызмет көрсету объектілері, коммерциялық орын-жайлары және паркингі бар тұрғын үйдің құрылысы	Жеке меншік
13	21-320-104-477	Галицкий Франц Антонович	900	150	Астана қаласы, район «Нұра», Учитель б/с №6 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
14	21-320-104-1345	Саркөшеков Аян Мұратұлы, Абуова Инара Жанатовна	820	820	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №46 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
15	21-320-104-621	Мисник Александр Яковлевич	833	702	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №67 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
16	21-320-104-135	Карсакбаев Калдыбек Алмабекович	788	788	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №45А учаске	Бағбандық	Жеке меншік
17	21-320-104-108	«Тенгри Хаус Астана» ЖШС	800	800	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №40 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
18	21-320-104-230	Таштанов Бауржан Тургынулы, Таштанова Рахима Есбергеновна	713	512	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №43 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
19	21-320-104-476	Саркөшеков Аян Мұратұлы, Абуова Инара Жанатовна	890	558	Астана қаласы, район «Нұра», Учитель б/с №5 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
20	21-335-104-1496	Саркөшеков Аян Мұратұлы, Абуова Инара Жанатовна	787	714	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №68 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
21	21-335-104-237	Ким Светлана Сергеевна	794	794	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №170 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
22	21-335-104-607	Саркөшеков Аян Мұратұлы, Абуова Инара Жанатовна	786	736	Астана қаласы, район «Нұра», Дружба-2 БТК, №47 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік

№133 (5031) 10/11/2026 Сейсенбі

АҚЖАЙЫҚТАН АҚ СӘЛЕМ!

Көмейін тілі күйдірген, шешендігі арқылы талайдың басын идірген Сырым Датұлы мен адуынды ақыны бар Жұбан жерінен Астанаға Ақжайықтан өнер керуені келді.



Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Құрманғазы мен Динаның күйшілік дәстүрі, Махамбет пен Мұхиттың өршіл рухы, Ғарифолла мен Қадырдың өлмес мұрасы тамыр жайған қасиетті Ақжайықтың өнерпаздары елорда төрінде төрт күн бойы ұлттық мәдениетіміздің бай қазынасын паш етті.

Астана қаласындағы Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық академиялық филармониясының 60 жылдық мерейтойына арналған Дәулеткерей атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінің «Ақжайықтан ақ сәлем!» атты концерті өтті. Мерейлі кештің шымылдығы 60 жылдық тарихында ұлттық өнердің өрісін кеңейтіп, талай таланттың қанатын қатайтқан академиялық филармонияның шығармашылық шежіресіне арналған арнайы фильм көрсетіліп, филармония басшысы Бауыржан Халиолла елордалық өнерсүйер қауымға ізгі лебізін білдірді. Оркестрдің көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, ҚР Мәдениет саласының үздігі Жарас Сатыбалдиевтің жетекшілігімен өнер көрсеткен ұжым қазақ музыкасының тереңдігін, дәстүрлі өнердің өміршеңдігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

«АТАМЕКЕН» БИ КЕРУЕНІ САЛТАНАТ ҚҰРДЫ

Астана қаласындағы Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерттің» камера залында Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық академиялық филармониясының «Атамекен» ерлер би ансамблінің «Би керуені» салтанат құрды. Батыс аймақта тұңғыш рет ерлерден құралған би өнерін кәсіби деңгейде насихаттап жүрген «Атамекен» ерлер би ансамблі көрерменге мазмұнды да әсерлі кеш сыйлады. Ансамбль әр шығармаға қазақ халқының салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, өр рухы мен дара мінезін би тілімен бейнелеп, әлем халықтарының би мәдениетін де шебер ұштастырды. Кештің көркемдік келбетін филармония әртістерінің өнері толықтыра түсті. Сахна төрінде әуелеген ән мен күмбірлеген күй, мың бұралған би бір арнаға тоғысып, көрерменге ерекше әсер сыйлады. ҚР Мәдениет саласының үздігі Сұлтан Даутов бастаған өнер ұжымы елорда жұртшылығына Ақжайықтың өнер өрісін танытып, ұлттық мәдениеттің мерейін асқақтатты.



МҰХИТ ҮНІ – МӘҢГІЛІК

Ғ.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық академиялық филармонияның 60 жылдық мерейтойы аясында Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ ұлттық музыкалық драма театрында дәстүрлі ән өнерінің көрнекті өкілдері, «Парасат» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хатимолла Бердіғалиев пен «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Мәдениет саласының үздігі Қайрат Кәкімовтің «Мұхит мұрагерлері» атты концерті өтті. Ғасырлар қойнауынан жеткен әуезді әндер мен термелер қос әншінің шебер орындауында жаңаша тыныс алып, сахна төрінде ұлттық өнердің асқақ рухын асырды. Хатимолла Бердіғалиевтің домбырамен қатар сырнай мен өзге де музыкалық сүйемелдеулер арқылы ән орындауы оның шығармашылық өрісінің кеңдігін аңғартса, Қайрат Кәкімовтің сырлы үні мен өзіндік орындаушылық мәнері дәстүрлі әннің бояуын қанықтыра түсті. Кештің музыкалық көркемдігін Дәулеткерей атындағы қазақ халық аспаптары оркестрі толықтырып, оркестрдің көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері Жарас Сатыбалдиевтің жетекшілігімен, ҚР Мәдениет саласының үздігі Асылхан Қазиевтің дирижерлігімен сахна төріндегі өнер өрнегін биіктете түсті. Мұхит үнінің мәңгілік екені тағы бір мәрте дәлелденді.

Астана төрінде төрт күн бойы жалғасқан Батыс Қазақстан облысының мәдени күндері іспетті мазмұнды өнер сапары Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық академиялық филармониясы ұжымының «Ақжайықтан ақ сәлем» атты гала-концертімен өз мәресіне жетті. Елорда төрінде өткен бұл күн Ақжайықтың әні мен күйін, биі мен дәстүрін, өнері мен рухани байлығын кеңінен танытқан тағылымды мәдени шежіреге айналды.

Елордада кураштан өткен XV әлем чемпионаты өз мәресіне жетті. Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайында әлемнің 70-тен астам елінен келген 500-ге жуық спортшы бақ сынады.

КУРАШТАН – ҮШ ЧЕМПИОН





Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

7-8 қараша күндері өткен байрақты бәсекеде отандастарымыз 3 алтын, 6 күміс және 2 қола жүлде алып, жалпы командалық есепте екінші орынға ие болды. Бірінші орынды Өзбекстан құрамасы иеленсе, үздік үштікті Тәжікстан спортшылары түйіндеді.

Кураш күресінен Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Ғұмар Қырғызбаев жарыс қорытындысы туралы тоқталды. «Біз ұлдардан бір алтын, қыздардан бір алтын медаль аламыз деп жоспарлаған едік. Алайда нәтиже біз күткеннен де жоғары болды. Қыздарымыз екі алтын медаль алды. Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз. Енді алдағы халықаралық жарыстарға дайындықты бірден бастаймыз» деді бас бапкер.

Нақтылап айтсақ, ерлер арасында 60 келі салмақ дәрежесінде Миразат Айбатыр жеңіс тұғырынан көрінсе, Назерке Тілеуханова (87 кг) мен Альбина Бахиевалар (+87 кг) ән ұранымызды асқақтатты.

– Кураш күресі Азия ойындарының бағдарламасына енгендіктен, бұл спорт түрінде белгілі бір жүйе қалыптасқан. Жарыс жоғары деңгейде өтті. Әлем чемпионатына қатысқан спортшылардың барлығы жақсы дайындықпен келген. Олардың арасында Азия және әлем чемпиондары да бар. Дегенмен біз намысты қолдан бермеуге тырыстық. Өз елімізде өткендіктен, жауапкершілік те жоғары болды. Бар күшімізді салып, елімізге алтын жүлде сыйлағанымызға қуаныштымын, – деді жарыс жеңімпазы Айбатыр Миразат.

Күміс жүлдегерлер қатарында Асылжан Орынбасарова (70 кг), Әділет Ахметғали (81 кг), Ақбота Қыдырали (78 кг), Темірлан Сағындықов (73 кг), Зарина Сарипова (63 кг) және Ғалымжан Крикбаев (+120 кг) бар. Ал Данил Федоров (100 кг) пен Бейбарыс Нұғманов (90 кг) қола медаль иеленді.

Айта кетейік, бұл чемпионаттың бас демеушісі – «Самұрық-Қазына» АҚ. Дүбірлі дода ҚР Туризм және спорт министрлігінің, «Sport Qory» спортты қолдау қорының және Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өтті.

КОНКУР ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Астанадағы «Арғымақ» ат спорты кешенінде конкурдан жасөспірімдер мен жастар арасындағы Қазақстан Республикасы чемпионаты өз мәресіне жетті.

Екі күнге созылған жарыста еліміздің өңірлерінен келген шабандоздар 3 санат бойынша бақ сынады: «Балалар» 100-110 см (12-14 жас), «Жасөспірімдер» 110-120 см (15-18 жас) және «Жастар» 120-130 см (16-21 жас).

Жарыс маршруттарының авторы – курс-дизайнер Тамила Ерқанат. Оның айтуынша, маршруттарды әзірлеу барысында қатысушылардың жас ерекшеліктеріне, дайындық деңгейіне және кедергілердің күрделілігіне ерекше назар аударылған.

«Әр жас санатына арналған маршруттар әртүрлі болды. Олар жарыстың бірінші және екінші күндерінде де, ең алдымен, күрделілік деңгейімен ерекшеленді. Уақытымның басым бөлігін жарыс алаңында өткіземін. Себебі кедергілер арасындағы қашықтықтың қаншалықты дұрыс белгіленгенін, олардың өзара үйлесімділігін бағалау маңызды. Қалған уақытта төрешілер алқасының жанында болып, олардың пікірлері мен ескертулерін тыңдауға тырысамын. Биылғы чемпионатқа еліміздің әр өңірінен өте мықты спорттық жұптар қатысты. Әсіресе, «Балалар» санатында қатысушылар саны көп болды. Барлық жас санатында болашағынан зор үміт күттіретін шабандоздар бар. Олардың әрқайсысына алдағы уақытта сәттілік пен спорттық жетістіктер тілеймін» деді Тамила Ерқанат.

Чемпионаттың негізгі мақсаты – елімізде ат спортын дамыту және кеңінен насихаттау, ұлттық құрама мүшелерінің спорттық шеберлігін арттыру, сондай-ақ республикалық және халықаралық жарыстарда ел намысын қорғайтын болашағы зор жас шабандоздарды анықтау.

Екі күнге созылған жарыстың қорытындысы бойынша әр жас санатындағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер белгілі болды.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 133

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ